

Бекітемін

Мектеп директоры:  М.Амирова

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жарты жылдық жұмысының есебі

2023-2024 оқу жылында әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары № 472 бұйрықты басшылыққа ала отырып бекітілді.

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың сынып жетекшілерімен бірлесе отырып сыныптардың әлеуметтік паспорты жасалынды .

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты 2023-2024 оқу жылында №8 Тойбы Бегманова атындағы жалпы орта мектепте жалпы оқушы саны 1-11 сыныптар 1128.

Көп балалы жанұя саны 450 оқушы саны 750.

Аз қамтылған жанұядағы бала саны 50.

Жетім балалар саны 0.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасында тұратын - 46 оқушы

Ажырасқан отбасында тұратын-30 оқушы

Өгей әке ,шешемен тұратын-2 оқушы

Үйден оқитын оқушы саны- 6 оқушы

Толық емес отбасында тұратын -24 оқушы

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды.Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға және асыраушысынан айрылуына байланысты толық емес отбасынан шыққан балаларға жаңа оқу жылында қолдау көрсету мақсатында 1 тамыздан бастап жалпы Республика бойынша жыл сайынғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы басталды. №8 Тойбы Бегманова атындағы жалпы орта мектеп бойынша 2023 жылдың 27 тамызында Осы аталған мектепті бітіріп кеткен түлегіміз жеке кәсіпкер Жасұзақ Диана он оқушыны сапалы аяқ киімдермен және қыстық куртқамен

қамтамасыз етті. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткен акцияға мектеп ұжымы бес оқушыны мектеп сумкасымен және мектепке қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етті. Ауылдың мешіт қауымы 4 - оқушыны мектеп формасымен және аяқ киім, сумкамен қамтамасыз етті. ҚР Үкіметінің 2021.01.01. бастап қолданысқа енген 64 қаулының негізінде Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың отбасыларына атап айтсақ 25 отбасы ,60 оқушыға 40500 тг көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында республика көлемінде «Адам құқығы -бала құқығы» он күндігі болып өтті. Он күндік аясында Абай ауыл округінің учаскелік полиция Қоштаев Тойлыбай , ДТІЖО, мектеп психологтары, мектеп медбикесі және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Жоспар бойынша өгей ата-ана тәрбиесіндегі оқушыларды және аз қамтылған, үйден оқитын оқушылардың үйлерін сынып жетекшілерімен бірлесе отырып үй тұрмыс жағдайын акт жасалынып зерделеу жұмыстары жүргізілді. ДЖК-ның шешімімен ауданымызда өткен аудан әкімінің шыршасына 6 г сынып оқушысы толық емес отбасындағы Ташкенбаев Сардар қатысып, аудан әкімінің жаңа жылдық сыйлықтарына, қыстық куртка және бас киімге ие болды.

Әлеуметтік педагог Ж.Абдрахманова 